



Газет
2007 жылғы
22 қарашадан
шығады

ЕЛ ТІЛЕГІ

gazeta_eltilegi@mail.ru

№19 (979) Сәрсенбі 20 мамыр 2026 жыл

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ТӘУЕЛСІЗ АҚПАРАТТЫҚ, ТАНЫМДЫҚ, ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТИ

<http://www.qsip.kz/>

<http://www.instagram.com/eltilegigazeti>

<http://www.facebook.com/eltilegigazeti>



АВИАЦИЯ САЛАСЫН ДАМУ ТҰЖАУ ЖӘНЕ ЦИФРЛАНДЫРУ МӘСЕЛЕСІ ТАЛҚЫЛАНДЫ

ҚР Премьер-министрі Олжас Бектеновтің төрағалығымен өткен Үкімет отырысында авиация саласын дамыту және цифрландыру мәселелері, өңірлердегі нысандар құрылысының сапасы талқыланды. Оған облыс әкімі Мұрат Ерғешбаев селекторлық режим арқылы қатысып, «Қорқыт ата әуежайының» қазіргі жұмысы туралы баяндама жасады.

Еске салсақ, 2024 жылы Мемлекет басшысының, Үкіметтің қолдауымен Қызылорда қаласында халықаралық стандарттарға сай «Қорқыт Ата әуежайының» жаңа жолаушылар терминалы пайдалануға берілген еді. Бір мезетте 250-ден астам жолаушыға сапалы қызмет көрсететін заманауи әуежай арқылы бүгінде аптасына 28 рейс қатынайды.

«Облыста жолаушылар тасымалын дамыту – басты міндеттің бірі. Осы жылдың сәуір айына дейін «Қорқыт ата әуежайынан» 63 мыңнан астам жолаушы жөнелтіліп, былтырмен салыстырғанда 58,9 пайызға артқан. Бұдан бөлек, терминалда цифрлық басқару жүйесі енгізілген, яғни барлық операциялар мен процестерді автоматты түрде жүргізуге мүмкіндік бар. Жақында ғана «Вана холдинг» компаниясымен «Қорқыт Ата әуежайы» сенімгерлік басқаруға беру туралы меморандумға қол қойды. Осылайша халықаралық стандарттарға сай логистикалық

хаб қалыптасады.

Әуежай маңынан арнайы экономикалық аймақ құрылды. Бұл маңызды жоба облысымыздың әлеуметтік-экономикалық дамуына жаңа серпін бермек, – деді облыс әкімі.

Үкімет отырысынан кейінгі мәжілісте аймақ басшысы жолаушылар тасымалы саласына жауаптыларға бірқатар тапсырма жүктелді. Сондай-ақ, жиында төрт айдың қорытындысымен өңірдің негізгі әлеуметтік-экономикалық көрсеткіштері талқыланып, экономика және қаржы басқармасының басшысы Сәкен Мырзабек баяндама жасады. Мұрат Нәлқожаұлы өнеркәсіп және өңдеу өнеркәсібі көлемі бойынша төмен көрсеткіші көрсеткен аудан әкімдеріне қатаң тапсырма берді.

Мәжілісте оқу жылын қорытындылау, оқушылардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету, әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларының бағасын тұрақтандыру бойынша жауапты басшыларға нақты міндеттер жүктелді.

ЕЛДІМЕКЕНДІ КӨРКЕЙТУ ТАПСЫРЫЛДЫ

Шаһар басшысы Нұржан Ахатов және қалалық мәслихат төрағасы Ибадулла Құттықожаев Қызылөзек ауылдық округінде болып, сайланған ауыл әкімін тұрғындарға таныстырды. Еске салсақ, 17-ші мамырда Қызылөзек ауылдық округі әкімінің сайлауы өткен болатын.

Шаһар басшысы сайлауда ауызбіршіліктің үлгісін көрсетіп, жоғары белсенділік танытқаны үшін тұрғындарға ризашылығын білдірді. Бұл сайлауда тұрғындардың басым дауысына Сәкен Әбдіжаппар ие болды. Ол бұған дейін осы

округте әкім қызметін атқарып, халықпен тығыз жұмыс жасады.

Жиында қала әкімі ауылдың инфрақұрылымын, тұрғындардың өмір сүру сапасын арттыруға негізделген жұмыстардың жалғасатындығын айтты. Ал, сайланған округ әкіміне кәсіпкерлікті дамыту, салық базасын ұлғайту, жайылымдық жерлерді дайындау, жұмыссыз азаматтарды жұмыспен қамту бойынша кешенді шараларды әзірлеуді тапсырды.



ТАНЫМДЫҚ КЕШ ҰЙЫМДАСТЫРЫЛДЫ

Ә.Тәжібаев атындағы облыстық кітапхана Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университетінде Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, «Парасат» және «Құрмет» ордендерінің иегері, филология ғылымдарының докторы, профессор Бағдат Кәрібозұлының 70 жасқа толуына орай «Қаламгер» атты танымдық кеш ұйымдастырды.

Кешке Қорқыт ата атындағы Қызылорда университетінің ғылыми-зерттеулерді үйлестіру бөлімінің басшысы, ғалым, тарих ғылымдарының кандидаты Нұрлыбек Мыңжас, филология ғылымдарының кандидаты, профессор, «Парасат» орденінің иегері Ұлжан Жанбершиева, профессор, филология ғылымдарының кандидаты Айман Айтбаева, қазақ тілі мен әдебиеті және журналистика кафедрасының

меңгерушісі, филология ғылымдарының кандидаты Ғабит Тұяқбаев, гуманитарлық-педагогикалық институтының директоры, тарих ғылымдарының кандидаты, доцент Сағат Тайман қатысты.

Кеш қонақтары профессор Бағдат Кәрібозұлы мерейтойымен құттықтап, білім мен ғылымды дамыту жолындағы ерен еңбегіне кеңінен тоқталды. Университетте профессор Бағдат Кәрібозұлының арнайы дәрісханасы ашылған.

Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университетінің «Педагогика және дәстүрлі өнер институтының» студенттері жырдан шашу шашып, кештің мазмұнын байта түсті.

Шараға қатысушылар «Қаламгердің көркем әлемі» атты кітап көрмесімен танысты.

ҚҰРБАН АЙТ НАМАЗЫНЫҢ УАҚЫТЫ ЖАРИЯЛАНДЫ

Биыл Құрбан айт мейрамының алғашқы күні 27 мамырға сәйкес келіп тұр. Қазақстан мұсылмандары діни басқармасы Құрбан айт намазының уақыт кестесін жариялады.

Құрбан айт намазының еліміз бойынша әзірленген кестесінде екі түрлі уақыт бар. Ақтөбе, Атырау, Батыс Қазақстан, Қарағанды, Маңғыстау облыстарында Құрбан айт намазы таңғы сағат 6:30-да оқылады. Ал басқа аймақтарда бұл намаз жарты сағатқа ерте, яғни 6:00-де оқылады.



ШӨКЕНОВТИ ЕСКЕ АЛУ ШАРАСЫ ӨТТІ

Музыка өнерінде өшпес із қалдырған Батырхан Шөкеновтің туған күніне орай әнші атындағы саябақта еске алу шарасы өтті.

Жиналған қауым алдымен Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері Батырхан Камалұлы Шөкеновтің ескерткішіне тағзым гүлдерін қойып, 1 минут үнсіздікпен еске алды. Тағылымды шарада Батырхан Шөкеновтің өнері, ғажайып үні мен әсерлі әндері халық жүрегіне мәңгі сақталғаны сөз етілді. Сондай-ақ, әншінің ағасы Мүсірәлі Шөкенов виртуоз музыкант, талантты әнші-композитордың балалық шағынан сыр шертіп, ұйымдастырушыларға отбасы атынан ризашылығын білдірді.

Шарада «Қалалық мәдениет үйлері, клубтар және халықтық ұжымдар» МКҚК жанынан құрылған «Мереке» вокалды-аспапты ансамблінің әншісі Елжан Берістенбаев композитор Сәбит Ұлықпаұлының «Отанға ода» әнін орындаса, әнші Ғалым Елубаев Еркеш Шөкеевтің сөзіне жазылған «Твой шаг» әнін шырқап, көпшілікке ерекше әсер сыйлады.

Өнерімен халықтың жүрегінен орын алған Батырхан Шөкеновтің жарқын бейнесі мен мәңгілік мұрасы ұлт жадында жаңғыра берді.

БҮГІНГІ НӨМІРДЕ:



ЦЫҒАН СЕРЕНАДАСЫ

4-бет

«ЕЛ ТІЛЕГІ» ГАЗЕТИ

еліміздің барлық өңірлеріне тарайды. Бүгінде өзінің оқырмандары асыға күтетін, сүйіп оқитын басылымдарға 2026 жылдың II жартыжылдығына жазылу науқаны жүріп жатыр.

«Ел тілегі» газетіне жеке жазылушылар үшін индекс 65007

6 айға – 4502 теңге 22 тиын

БАСЫЛЫМДЫ АСЫҒА КҮТЕТІН ОҚЫРМАНДАРЫМЫЗБЕН ӘРДАЙЫМ БІРГЕМІЗ!

- Мекемеңіздің, компанияңыздың жұмысы ілгерілесін десеңіз, бизнесте мол табысқа қол жеткізгіңіз келсе, әр бастаған ісіңіз сәттілік пен пайда әкелсін десеңіз «Ел тілегі» газетіне жарнама беріңіз!
- Сонымен бірге құттықтау, хабарландыру, еске алу жариялау ниетіңіз болса, құжаттарыңызды жоғалтқаныңыз, жеке кәсіпкерлік қызметті тоқтатқаныңыз туралы, басқа да ресми құжаттарды рәсімдеу жайлы хабарлама жасау қажеттілігі туса, Бізге хабарласыңыз!

Қажетті ақпаратты мына телефондар арқылы ала аласыздар:
8 705 982 76 61,
8 777 752 54 63.

МӘДЕНИЕТ ШАМЫ СӨНБЕСІН



Жыл сайын 18 мамырда Халықаралық музей күні атап өтіледі. Атаулы күн 1977 жылы Халықаралық музейлер кеңесінің Бас конференциясында бекітілген.

Материалдық және рухани мұраны сақтай отырып, әлем музейлері мәдениет, білім және ағартушылық орталықтарына айналып отыр. Осыған орай Өңірлік коммуникациялар қызметі ұйымдастырған көшпелі брифинг барысында облыстық тарихи өлкетану музейінің басшысы Нұрмат Мансұр атаулы күннің маңызына кеңінен тоқталып, БАҚ өкілдерінің сұрақтарына жауап берді.

- Музей - өткен мен бүгінді жалғайтын алтын көпір. Бұл жерде халқымыздың тарихынан, бабаларымыздың тағдырлы жолынан сыр шертетін баға жетпес құнды жәдігерлер сақталған. Әрбір экспонат - тұтас бір дәуірдің үнсіз куәсі, ұлт жадын жаңғыртатын рухани мұра. Сондықтан музей тек тарихи орын ғана емес, жас ұрпақтың танымын кеңейтетін, ұлттық құндылықтарды дәріптейтін маңызды мәдени орталық. «МУЗЕЙ ТҮНІ - 2026» шарасы бүгінде дәстүрлі мәдени жобаға айналды. Жыл сайын бұл кешке қызғылшылық танытушылар саны артып келеді. Биыл

да Халықаралық музейлер күніне орай арнайы апталық жоспар бекітіліп, соның аясында «Музейдегі бір күн», «Музейге сый» акциялары, жас өлкетанушылар байқауы, музей мамандары мен ғалымдарының қатысуымен семинарлар мен танымдық кездесулер өткізілді. Бұл бастамалардың барлығы халықтың музейге деген қызығушылығын арттырып, тарихи мұраға құрметті қалыптастыруға бағытталған. Мерекелік күн мемлекет және қоғам қайраткері, Қазақ КСР Мәдениет министрі, тарихшы-этнограф Әзбекәлі Жәнібековтің 95 жылдығына арналған «Ұлт рухын ұлықтаған тұлға» атты көрменің ашылуымен басталды. Көрмеде қайраткердің ел мәдениетін дамытудағы өлшеусіз еңбегі мен тарихи мұраны сақтау жолындағы қызметі кеңінен таныстырылды. Музей аумағы үлкен мәдени кеңістікке айналды. Этноауыл, көрме-жәрменкелер, ұлттық ойындар, шығармашылық алаңдар, музыкалық бағдарламалар келушілерге ерекше әсер сыйлауда. Қала тұрғындары мен қонақтары музей залдарындағы экспозициялармен танысып, тарих пен мәдениеттің терең мазмұнын сезіне алады, - деді Нұрмат Абдуллаұлы.



ҒЫЛЫМИ-ТӘЖІРИБЕЛІК КОНФЕРЕНЦИЯ

Қызылорда қалалық сотының судьясы А.Әбіразақов Қорқыт ата атындағы Қызылорда университетінде өткен «Қазіргі жаһандану және цифрландыру жағдайындағы Қазақстан Республикасының Конституциясы» тақырыбындағы ғылыми-тәжірибелік конференцияға қатысты.

Шара барысында судья тақырып аясында баяндама жасап, сот билігінің тәуелсіздігі құқықтық мемлекеттің және демократиялық қоғамның негізгі қағидағтарының бірі екенін, азаматтар мен заңды тұлғалардың құқықтары мен бостандықтарын қорғаудың, заң үстемдігін қамтамасыз етудің

басты кепілі болып табылатынын жеткізді.

Сонымен бірге, Қазақстан Республикасының Конституциясындағы өзекті мәселелер мен заманауи жаңашылдықтар талқыланып, жаһандану және цифрландыру үдерістеріндегі құқықтық тетіктер мәселелері талқыланды.

СОҒҒЫ ҚОҢЫРАУ ҚАРСАҢЫНДА ҚАУІПСІЗДІК ШАРАЛАРЫ ТҮСІНДІРІЛДІ



Қызылорда қаласындағы Абай атындағы мектепте 25 мамыр - соңғы қоңырау мерекесіне байланысты оқушыларға, ата-аналарға және мектеп бітіруші түлектерге арналған түсіндірме сабағы өткізілді.

Іс-шара барысында Әкімшілік полиция басқармасы Үгіт-насихат тобының аға инспекторы, полиция капитаны Нысанқұлов Бауыржан және Үгіт-насихат тобының инспекторы, полиция аға лейтенанты Рахманберді Ақбота мерекелік күндері қоғамдық тәртіп пен жол қауіпсіздігін сақтау мәселелері бойынша түсіндірме жұмыстарын жүргізді.

Кездесу барысында көлік көрнектерін ұйымдастыруға, жол қозғалысы ережелерін бұзғанда, автокөлік терезесінен шығуға, қатты дыбыс қоюға және заңға қайшы әрекеттер жасауға қатаң тыйым салыныпты ескертілді.

Сонымен қатар, полиция қызметкерлері оқушылар мен ата-аналарды мерекені мәдениетті, қауіпсіз әрі тәртіп сақтай отырып атап өтуге шақырып, әр азаматтың өз қауіпсіздігі мен айналасындағы адамдардың амандығына жауапкершіліктен қарауы маңызды екенін атап өтті. Іс-шараның мақсаты — жасөспірімдер арасында құқықбұзушылықтың алдын алу, жол-көлік оқиғаларын болдырмау және қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз ету.

«Ел тілегі» ақпарат

ҚАУІПСІЗ ЖОЛ ПРОФИЛАКТИКАЛЫҚ ІС-ШАРАСЫ ЖАЛҒАСУДА

Қызылорда қаласы Полиция басқармасының патрульдік полиция қызметкерлері қала аумағында жол қозғалысы қауіпсіздігін қамтамасыз ету бағытында күшейтілген режимде қызмет атқаруда. Іс-шара барысында жол қозғалысы ережелерін өрескел бұзу деректерінің алдын алу, жүргізушілер

мен жаяу жүргіншілердің қауіпсіздігін сақтау, сондай-ақ жол-көлік оқиғаларын болдырмау мақсатында рейдтік жұмыстар жүргізілуде. Полициялер жүргізушілерге жылдамдық режимін сақтап, мас күйінде көлік басқармауға, қауіпсіздік белдігін тағуға және жол қозғалысы ережелерін қатаң сақтауға шақырады.



ОНЛАЙН ҚАУІПСІЗДІК МӘСЕЛЕСІ НАЗАРДА

Қызылорда қаласы Полиция басқармасы криминалдық полиция бөлімінің қызметкерлері жергілікті атқарушы органдарымен, сондай-ақ «Freedom Bank» қызметкерлерімен бірлесіп отырып, Қорқыт ата университетінің студенттерімен кездесу өткізді. Кездесудің негізгі мақсаты – жастар арасында интернет-алаяқтықтың алдын алу, киберқылмыстардан сақтану жолдарын түсіндіру және құқықтық сауаттылықты арттыру. Іс-шара барысында мамандар интернет алаяқтарының жиі қолданатын тәсілдері туралы айтып, күмәнді сілтемелерге өтпеу, жеке мәліметтерді бөгіе адамдарға бермеу, әлеуметтік желілер мен онлайн сауда платформаларын пайдалану кезінде сақ болу қажеттігін түсіндірді.

Сонымен қатар студенттерге интернет қауіпсіздігі бойынша арнайы жадынамалар таратылып, алаяқтық фактілеріне тап болған жағдайда дереу полиция органдарына хабарласу қажеттігі ескертілді.




ҚОҒАМДЫҚ ҚАУІПСІЗДІК – БАРШАМЫЗҒА ОРТАҚ МІНДЕТ

Қызылорда қаласы Полиция басқармасы патрульдік полиция батальонының командирі полиция подполковнигі Оспанов Ғабит Мұхитдинұлы қызметкерлерге күшейтілген режимде қызмет атқаруға көшкенін ескертіп, қызметті заң талаптарына сай, қатаң тәртіппен атқаруды тапсырды. Қызмет барысында қала аумағында қоғамдық тәртіпті сақтау, жол қозғалысы қауіпсіздігін қамтамасыз ету және өрескел құқықбұзушылықтардың алдын алу бағытында нақты тапсырмалар берілді.

ЗАҢ ТАЛАПТАРЫН САҚТАУ – ӘР АЗАМАТТЫҢ МІНДЕТІ

Қызылорда қаласы аумағында 2026 жылдың 18-22 мамыр аралығында «Есептегі тұлға» республикалық жедел-профилактикалық іс-шарасы өткізілуде. Іс-шара аясында Қызылорда қаласы Полиция басқармасының учаскелік полиция инспекторлары профилактикалық және тізімдік есепте тұрған тұлғалардың тұрғылықты мекен-жайларын тексеріп, сот үкімі мен қаулысында көрсетілген міндеттер бойынша түсіндірме жұмыстарын жүргізуде.

Іс-шараның негізгі мақсаты – есепте тұрған тұлғалардың қайта құқықбұзушылық пен қылмыс жасауына жол бермеу, қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз ету және құқықтық тәртіпті нығайту. Заң талаптарын сақтау – әр азаматтың міндеті.



ЗОРЛЫҚ-ЗОМБЫЛЫҚСЫЗ ҚЫЗЫЛОРДА



Ағымдағы жылдың 18 мамыры мен 8 маусымы аралығында қала көлемінде «Зорлық-зомбылықсыз Қызылорда» науқаны өткізілуде. Осыған орай, Қызылорда қаласы Полиция басқармасының Отбасылық-тұрмыстық зорлық-зомбылыққа қарсы күрес бөлімшесінің ұйымдастыруымен №296 орта мектеп оқушыларымен кездесу өткізілді. Іс-шараның мақсаты – жасөспірімдерді татулыққа, мейірімділікке тәрбиелеу және құқықтық сауаттылықтарын арттыру.

Кездесуге Қызылорда қалалық прокуратурасының, Төтенше жағдайлар департаментінің, Қызылорда облыстық жастар денсаулық орталығының қызметкерлері қатысып, қауіпсіздік шараларын сақтау, әлімжеттік, ұсақ бұзақылық және топтық төбелестің алдын алу бағытында түсіндірме жұмыстарын жүргізді. Сонымен қатар, Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің 115-1-бабында көзделген «Сталкин» тақырыбында Қызылорда қалалық драма театры актерлерінің қатысуымен арнайы қойылым көрсетіліп, бейнеролик ұсынылды. Іс-шара соңында оқушыларға ақпараттық жадынамалар таратылды.

«Ел тілегі» ақпарат

Қоғамдық тыңдаулар

"Қазгермұнай" бірлескен кәсіпорны" ЖШС ҚР Экологиялық кодексінің 96 бабының 1 тармағына сәйкес 01.07.2026 жылы сағат 11:30-та – 2026 жылға арналған құрылыс жобалары бойынша қоршаған ортаны қорғау жөніндегі бөлімдермен (НДВ) жол берілетін шығарындылар нормативтерінің жобасын (РООС), жол берілетін төгінділер нормативтерінің жобасын (НДС), қалдықтарды басқару бағдарламасын (ПУО), табиғатты қорғау іс-шараларының жоспарын (ППМ), өндірістік экологиялық бақылау бағдарламасын (ПЭЖ) түзету» жобасы бойынша Қызылорда облысы, Сырдария ауданы, Теренөзек кенті, Қонаев көшесі, 8 (мәдениет үйі) мекенжайы бойынша ашық жиналыс форматында қоғамдық тыңдаулар өткізілетіні жөнінде хабарлайды.

Қатысушыларды тіркеу жеке басын куәландыратын құжатты көрсеткен кезде тыңдау басталғанға дейін 30 минут бұрын жүргізіледі.

Онлайн қосылу ZOOM платформасында бейнеконференция арқылы жүзеге асырылады
<https://us05web.zoom.us/j/3280583178?pwd=PSNCDmsL6CwAosrKbDdTTFEipHFkYhO.1>

Конференция идентификаторы: 328 058 3178
Кіру коды: 00000

Бастамашы: "Қазгермұнай" бірлескен кәсіпорны" ЖШС. ҚР, Қызылорда облысы, Қызылорда қаласы, Ақсуат ауылдық округі, Ж Махамбетов ауылы, Қонаев Жаналария, ғимарат 101, БСН 940240000021, +7(777)-734-42-54, akozhakhmetov@kgm.kz

Әзірлеуші: "ECO GUARD" ЖШС. Қызылорда қ., Жанқожа батыр к-сі, 47, БСН 150440013858, 8 (7242) 274617, 8 (705) 548 1939, ecoguardkyzylorda@gmail.com

Жоба бойынша құжаттама ҚО ТРЖУДБ ndbecology.gov.kz сайтында орналастырылған.

Барлық ескертүүлەر, ұсыныстар тыңдаулар өткізілетін күнге дейін 3 жұмыс күнінен кешіктірмейтін мерзімде ndbecology.gov.kz және prd@korda.gov.kz. эл. мекен-жайы бойынша қабылданады.

Жоспарланған қызмет туралы ақпарат алуға болатын электрондық мекенжай және телефон нөмірі: ecoguardkyzylorda@gmail.com, akozhakhmetov@kgm.kz, +7 705 5481939

Жергілікті атқарушы орган: "Қызылорда облысының табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы" коммуналдық Мемлекеттік Мекемесі, prd@korda.gov.kz Қызылорда облысы, Қызылорда қаласы, Бейбарыс Сұлтан көшесі, ғимарат 1, +7 777 452 2146

Общественные слушания

ТОО "Совместное предприятие "Казгермұнай" в соответствии с пунктом 1 статьи 96 Экологического кодекса РК сообщает, что 01.07.2026 года в 11:30 по адресу Кызылординская область, Сырдарьинский район, поселок Теренөзек, ул. Қонаева, 8 (Дом культуры) проводятся общественные слушания в формате открытого собрания по проекту «Корректировка проекта нормативов допустимых выбросов (НДВ) с разделами по охране окружающей среды (РООС) по проектам строительства на 2026 год, проект нормативов допустимых сбросов (НДС), программа управления отходами (ПУО), план природоохранных мероприятий (ППМ), программа

производственного экологического контроля (ПЭК)».

Регистрация участников ведется за 30 минут до начала слушаний при предъявлении документа, удостоверяющего личность.

Онлайн подключение осуществляется посредством видеоконференцсвязи на платформе ZOOM

<https://us05web.zoom.us/j/3280583178?pwd=PSNCDmsL6CwAosrKbDdTTFEipHFkYhO.1>
Идентификатор конференции: 328 058 3178
Код доступа: 00000

Инициатор: Товарищество с ограниченной ответственностью "Совместное предприятие "Казгермұнай", РК, Кг. Кызылорда, Ақсуатский сельский округ, село Ж. Махамбетов, Урочище Жаналария здание 101, БИН 940240000021, +7(777)-734-42-54, akozhakhmetov@kgm.kz

Разработчик: ТОО «ECO GUARD», г. Кызылорда, ул. Жанқожа батыр, 47, БИН 150440013858, 8(7242)274617, ecoguardkyzylorda@gmail.com.

Документация по проекту размещена на сайте НБД СОС и ППndbecology.gov.kz

Все замечания, предложения принимаются в срок не позднее 3 рабочих дней до даты проведения слушаний на ndbecology.gov.kz и эл. адрес prd@korda.gov.kz.

Электронный адрес и номер телефона, по которым можно получить информацию о намечаемой деятельности: ecoguardkyzylorda@gmail.com, akozhakhmetov@kgm.kz, +7 705 548 1939

Местный исполнительный орган: Коммунальное государственное учреждение "Управление природных ресурсов и регулирования природопользования Кызылординской области", prd@korda.gov.kz., Кызылординская область, город Кызылорда, улица Бейбарыс Сұлтан, здание 1, +7 777 452 2146

31 ЖАСТАҒЫ ЖҮРГІЗУШІ ҰСТАЛДЫ

Қызылорда қаласында "Қауіпсіз жол" жедел-профилактикалық іс-шарасы аясында мас күйде көлік тізгіндеген 31 жастағы жүргізуші ұсталды. Қызылорда қаласы Полиция басқармасының патрульдік полиция қызметкерлері жол қозғалысы ережесін бұзған «LADA» автокөлігін тоқтатты. Тексеру барысында жүргізушінің алкогольдік ішімдік ішкені анықталды. Наркологиялық сараптама қорытындысына сәйкес, азаматтың орта дәрежелі масан күйде болғаны белгілі болды.

Аталған дерек бойынша құқық бұзушыға қатысты Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексінің 608-бабының 1-бөлігімен әкімшілік хаттама рәсімделіп, автокөлік айып тұрағына қойылды.



Жарамсыз деп танылсын

ІІМ запастағы майоры Жарикбаев Еркін Шахмаровичтың атына берілген зейнеткерлік куәлігі жоғалуына байланысты жарамсыз деп танылсын.

Жұмысын тоқтатады

D.S. Unigroup" ЖШС (БСН 090840010389) өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Барлық талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап 2- (екі) ай мерзімі ішінде мына мекен-жайда қабылданады. 120016, Қызылорда қаласы, 3. Шүкүрова 54 үйі.

Балмұздақ өнімі туралы білесіз бе?

Жаз мезгілінде кез келген жастағы адамның сүйіп жейтін десерттерінің бірі – балмұздақ. Заманауи балмұздақтар пайдалы ма және оны қалай таңдау керек?

Балмұздақтың құрамында мына ингредиенттер болуы керек: Майлылығы 10%-дан төмен емес сүт; - Құрғақ сүтті қалдықтар: казеин, сарысулық протеиндер және лактоза; - Кант. Әдетте, ол сахароза мен глюкозальық шәрбаттың қосындысынан тұрады; - Тұрақтандырығыштар мен эмульгаторлар және су.

Балмұздақ пайдалы ма? Балмұздақ жеген пайдалы, себебі оның құрамында 20-дан аса ақуызды аминқышқылдар, майлы қышқылдар, дәрумендер мен минералдар (фосфор, магний, калий, темір) бар. Сонымен қатар, ғалымдардың айтуынша, балмұздақ серотониннің түзілуіне ықпал етеді. Бұл гормон көңіл күйді көтереді, есте сақтауды жақсартады және ағзаның күйзеліспен күресуіне көмектеседі.

Балмұздақтың зияны бар ма? Балмұздақтың калориясы мен қанты көп. Сондықтан егер артық салмақ тағастағыңыз келсе, оны көп жеудің қажеті жоқ.

Балмұздақты қалай таңдау керек?

Сапасын тексерудің ең оңай жолы – оның бір бөлігін алып тексеру:



егер ол оңай алынса, оның жақсы болғаны; егер ол мұз кристалдарымен қапталған болса, оны екінші рет қатырғандығын білдіреді.

Балмұздақ аларда мына нәрселерге мән беріңіз:

- Қаптамасының бүтіндігіне қараңыз: үрілген қаптама сақтау ережесінің бұзылғандығын білдіреді;

- Заттаңбасында өнімнің құрамы, өндіруші, шығу күні және сақтау мерзімі көрсетілуі тиіс. Ингредиенттердің тізімінде сүт, кант және кілегей болуы керек;

- Дұрыс өнімнің түсі ақ немесе сүтті болуы керек. Егер балмұздақ сарғышпау болса, оның құрамына ақылдас немесе сүтті емес майлар қосқандығын білдіреді;

- Егер балмұздақ өз пішінін жоғалтып алған болса, оны екінші қайтара қатырған. Ал ол бактерияның көбеюіне әкеледі;

- Глазурь біртекті жағылған болуы керек. Егер шоколатта ақ қатпарлар болса, оның құрамының нашарлығын немесе дұрыс сақталмағандығын білдіреді;

- Егер балмұздақты даладан алсаңыз, алдымен өнімге деген құжатын сұраңыз. Егер құжатты көрсетпесе, ол күмән.

Көбінесе, жұмсақ балмұздақ күмәнді сауда нүктелерінде немесе мұздатқыштардан көшеде сатылады. Өздеріңіз білетіндей, бұл қондырғылар жазда әрдайым жоғары температураға төтеп бере бермейді және тұтынушыларға қызмет көрсету кезінде жиі ашығанда, өнім ериді, яғни сақтау шарттары бұзылады, сондай-ақ

сатылған балмұздақ астындағы бос контейнерлерді өңдеу үшін санитариялық нормаларға сәйкес жағдайлар жоқ, немесе ағынды су жоқ.

Ал, егер сіз сатушының сауда нүктесінде арнайы киімсіз, ұқсас күйде екенін көрсеніз және оның жұмысқа рұқсаты бар екендігі фактісі болмаса, жұмсақ балмұздақ беретін машиналар жеткіліксіз болса, онда мұндай балмұздақ сатып алудан бас тартқан дұрыс.

Сатушылар үшін объектіні таза ұстау, өнімді қабылдау, олардың сапасы мен қауіпсіздігін растайтын құжаттармен жүзеге асырылуы, арнайы киім кию және жеке гигиенаны сақтау сияқты қарапайым ережелер бар. Сондай-ақ, сатушыларда медициналық тексеруден өткені туралы белгісі бар медициналық кітапша болуы қажет. Бұдан басқа, сауда нүктелерінің иелері аумақтық санитариялық органдарына өз қызметінің басталғаны туралы хабарлама беру және рұқсат алуға міндетті.

Сіздің сүйікті тағамыңыз денсаулыққа байланысты проблемаға айналасын. Өзіңізге қамқор болыңыз!

Сіз өзіңіздің жеке басыңыздың, жанұяңыздың және жақындарыңыздың денсаулығы мен өмірінің қауіпсіздігін сақтауға, қауіптің алдын алу мақсатында төмендегі саяси шараларын орындауды сұраймын:

- Сіздер иеліктеріңіздегі ауылшаруашылық малдарын өтініш беру арқылы толық бірдейлендіріп ауыл шаруашылығы жануарларын бірдейлендіру деректер қорына және тиісті әкімшілік аумақтың шаруашылық жүргізу кітабына есепке енгізіңіз;

- бірдейлендірілген ауылшаруашылық жануарларын жұқпалы ауруларға қарсы вакцина салдырыңыз;

- вакцина егілген ауылшаруашылық жануарларын бақылау уақыты өткенге дейін сойманыз, немесе осы күн ішінде белгісіз жағдайларда өлген малдың елекесінің терісін алмаңыз, ит-мысыққа жемтік ретінде пайдаланбаңыз;

- Құжатсыз мал, құжатсыз мал және құс өнімдері мен шикізаттарын, құжатсыз мал азықтарын сатып алмаңыз, тасымалдамаңыз, залалсызданбаған құжатсыз көліктерге артаңыз, тұтынатын өнімдері

Жанақорған аудандық ветеринариялық станциясы

Қ.ОМАРОВА,
Сырдария аудандық СЭБ басқармасының басшысы

СІБІР ЖАРАСЫ АСА ҚАУІПТІ ЖҰҚПАЛЫ АУРУЫ ТУРАЛЫ НЕ БІЛЕСІЗ?

Сібір жарасы – адамдар мен жануарлар арасында тіркелетін аса қауіпті жұқпалы ауру. Ауру жеке организмге ғана емес, тұтас ағзаны да зақымдайды, көп жағдайда терінің, кейде өкпенің, ішектің қабынуын және зақымдануын тудырады. Инфекция көзі науқас жануарлар болып табылады: ірі қара мал, жылқылар, қойлар, ешкілер, түйелер. Ауырған жануардың зәрі мен нәжісінде ауру қоздырғышы анықталады. Сібір жарасының қоздырғышы – *Bacillus anthracis* сібір жарасын тудырушы бактерия. Сыртқы ортаға өте төзімді, спора түрінде топырақта 100 жылға дейін белсенділігін жоғалтпайды. Адам ауруды жануарлардан мал сойғанда, малға күтім көрсеткенде, асқа ауру малдың етін, сүтін қабылдағанда, споралары бар терісін қолданғанда жұқтырады.

Сіз өзіңіздің жеке басыңыздың, жанұяңыздың және жақындарыңыздың денсаулығы мен өмірінің қауіпсіздігін сақтауға, қауіптің алдын алу мақсатында төмендегі саяси шараларын орындауды сұраймын:

- Сіздер иеліктеріңіздегі ауылшаруашылық малдарын өтініш беру арқылы толық бірдейлендіріп ауыл шаруашылығы жануарларын бірдейлендіру деректер қорына және тиісті әкімшілік аумақтың шаруашылық жүргізу кітабына есепке енгізіңіз;

- бірдейлендірілген ауылшаруашылық жануарларын жұқпалы ауруларға қарсы вакцина салдырыңыз;

- вакцина егілген ауылшаруашылық жануарларын бақылау уақыты өткенге дейін сойманыз, немесе осы күн ішінде белгісіз жағдайларда өлген малдың елекесінің терісін алмаңыз, ит-мысыққа жемтік ретінде пайдаланбаңыз;

- Құжатсыз мал, құжатсыз мал және құс өнімдері мен шикізаттарын, құжатсыз мал азықтарын сатып алмаңыз, тасымалдамаңыз, залалсызданбаған құжатсыз көліктерге артаңыз, тұтынатын өнімдері

Жанақорған аудандық ветеринариялық станциясы

Қ.ОМАРОВА,
Сырдария аудандық СЭБ басқармасының басшысы

ЗАҢ МЕН ТӘРТІП

Қауіпсіз Қазақстан үшін!

СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚТЫҢ АЛДЫН АЛУ – ҚОҒАМ ДАМУЫНЫҢ БАСТЫ ШАРТЫ

Сыбайлас жемқорлық – әлемнің көптеген елдерінде таралған күрделі әлеуметтік құбылыс. Ол мемлекеттік беделіне, экономикасына және азаматтардың құқығы мен бостандығына тікелей әсер етеді. Сондықтан сыбайлас жемқорлықтың алдын алу – әрбір елдің дамуы мен өркендеуінің кепілі.

Сыбайлас жемқорлықтың алдын алу дегеніміз – бұл сыбайлас жемқорлықтың туындауына жол бермеу, себептерін жою және оған ықпал ететін жағдайларды азайтуға бағытталған кешенді шаралар. Бұл тек жазалау емес, ең алдымен, қауіптің алдын алу, құқықтық мәдениетті арттыру, ашықтықты қамтамасыз ету деген сөз.

Алдын алу бағытындағы негізгі тетіктер:

- заңнамалық негізді жетілдіру – бұл ҚР «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» заңы аясында азаматтардың құқықтарын қорғау, паракорлықтың жолын кесу және ашық мемлекеттік басқаруды қамтамасыз ету;

- цифрландыру және бюрократияны азайту - мемлекеттік қызметтерді электронды форматқа көшіру (eGov) – адам факторы мен паракорлықтың алдын алуға тиімді құрал. Бұл жүйе арқылы көптеген қызметтер автоматты түрде жүзеге асатын болады;

- білім беру және тәрбие жұмыстары - мектеп пен ЖОО-ларда сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру өте маңызды. Адалдық, әділеттілік, заңға құрмет сынды құндылықтар жастардың санасына ерте жастан сіңірілуі қажет;

- қоғамдық бақылау мен ашықтық - мемлекеттік органдардың қызметі ашық болуы тиіс. Халық тарапынан бақылау мен кері байланыс сыбайлас жемқорлықты болдырмауға септігін тигізеді;

- жауапкершілік пен жазалау - сыбайлас жемқорлықпен айналысқан тұлғаларға қатаң жаза қолдану – алдын алудың маңызды тетігі. Бұл қоғамда қорқыныш емес, заң алдындағы теңдік принципін орнықтырады.

Осындай жұмыстарды жүзеге асыру және сыбайлас жемқорлықтың алдын алу мақсатында басқарма қызметкерлерімен атқарылатын профилактикалық бақылау мен қадағалау жүргізу, жоспардан

тыс тексерулер жүргізу, мемлекеттік қызмет көрсету барысында басқарма тарапынан әрбір өткізілетін ісшаралар кезінде сыбайлас жемқорлық қауіпін түсіндіру жұмыстары күн тәртібінде міндетті түрде қойылатындығын атап өткен жөн.

Осыған байланысты қызметкерлер арасында ҚР Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің (Сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызмет) Қызылорда облысы бойынша департаменті және ҚР Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің Қызылорда облысы бойынша департаменті қызметкерлерінің қатысуымен заң талаптарын түсіндіру бойынша кеңестер өткізіліп отырады. Басқарманың жұмыс жоспарларына сәйкес қызметкерлермен сыбайлас жемқорлыққа қарсы құқықтық оқулар мен жиналыстар өткізіледі. Осы сыбайлас жемқорлықтың алдын алу және болдырмау мақсатында департамент арқылы көрсетілетін барлық мемлекеттік қызмет түрлері цифрландырылған. Яғни, мемлекеттік қызмет түрлерінің барлығы цифрландыру аясында "электрондық үкімет"

www.egov.kz веб-порталы (оның ішінде е-лицензия) арқылы жүзеге асырылады. Бекітілген тізімге сәйкес бақылау және қадағалау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы профилактикалық бақылау мен қадағалау жүргізу, жоспардан тыс тексеру және т.б. жұмыстарға шығу барысында міндетті түрде нұсқамалдан өтіп, түсіндірме жұмыстары жүргізіліп отырады.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастырудың ең негізгі және басты шарттарының бірі – профилактикалық жұмыстардың жоғарғы деңгейде атқарылуы.

Сыбайлас жемқорлықпен күрес – бұл тек құқық қорғау органдарының ғана емес, барша азаматтардың ортақ ісі. Әрбір адам адалдықты ту етіп, заңға бағынатын болса, біз жемқорлықсыз жарқын болашаққа қадам баса аламыз. Алдын алу – ең тиімді әрі өрнектеніп тасп. Сондықтан әділетті қоғам құру жолында әркім өз үлесін қосып қажет.

М.АЙТИМОВА,
Қызылорда облысының
ТЖД ӨҚБ бөлім
басшысы

АИТВ-ИНФЕКЦИЯСЫ КЕЗІНДЕГІ СТИГМА МЕН ДИСКРИМИНАЦИЯ

Стигма мен дискриминация ұғымы Стигма дегеніміз не?

Стигма – бұл қоғамның теріс таңбасы, белгілі бір ерекшеліктері, жағдайлары немесе диагноздары бойынша адамға қатысты алдын ала қалыптасқан көз қарас немесе жаман пікір. ВИЧ-инфекция контекстінде стигма – бұл ВИЧ-пен өмір сүретін адамдарды айыптау, қорқыныш пен алдын ала ойластыру.

Стигма нақты фактілерге емес, аңыздар мен стереотиптерге, жұқтыру қорқынышы мен халықтың төмен ақпараттандырылуына негізделген.

Стигматизация механизмдері: 1. Адамда немесе топта қандай да бір «ерекшелік» анықталады (мысалы, ВИЧ статусы)

2. Қоғам оны қауіпті, аморальды деп қабылдайды (жиі – нашақорлық, ЛГБТК+, жезөкшелік).

3. Әлеуметтік таңба қойылады – адам «жауыз» ретінде қарастырылады, оның нақты іс-әрекеттеріне қарамастан

4. Бұл әлеуметтік оқшаулануға, өзін-өзі бағалаудың төмендеуіне және медициналық көмектен бас тартуға әкеледі.

Стигманың түрлері:

- Қоғамдық стигма – қоғам тарапынан алдын ала ойлау (айыптау, қорқыныш, қарым-қатынастан бас тарту)

- Институционалдық стигма – ұйымдар мен мекемелер деңгейінде бекітілген тәжірибе (жұмысқа орналастыруда шектеулер, оқыту және медициналық көмекте шектеу).

- Өзін-өзі стигма (ішкі стигма) – ВИЧ-пен ауыратын адам өзіне кінәлілік пен ұялуды сезінеді, ашық болудан қорқады, әлеуметтік байланыстардан қашады.

Стигманың салдары:

- Оқшаулану және депрессия

- Отбасы және әлеуметтік байланыстардың бұзылуы

- Диагностика жасыру

- Тесттен өту мен емдеуден бас тарту

- Жұқпалы аурудың таралуының артуы жасырындықтан

Стигмамен күресу үшін қажет:

- Қоғамды ақпараттандыру

- ВИЧ туралы аңыздарды жою

- Ашық диалог жүргізу

- ВИЧ-пен өмір сүретін адамдарға қолдау көрсету

- Олардың құқықтарын қорғау

Стигма – бұл медициналық емес, әлеуметтік ауру әрі оны түсіну мен құрмет арқылы ғана жеңуге болады.

Дискриминация дегеніміз не?

Дискриминация – адамның белгілі бір белгілеріне негізделген әділетсіз және кемсіту сипатындағы қарым-қатынас: жынысы, жасы, діні, ұлты, денсаулығы жағдайы (оның ішінде ВИЧ статусы). Ол адамның негізгі құқықтарын бұзады: теңдікке, бостандыққа, медициналық көмекке және лайықты өмір сүруге құқығын.

ВИЧ-инфекция жағдайында дискриминация әсіресе қауіпті болып табылады, себебі ол адамдарды өз мәртебесін жасырын ұстауға итермелейді, тестілеуден және емдеуден бас тартуға мәжбүрлейді әрі көмектен қорқытпайды.

ВИЧ-инфекциясы бар адамдарға қатысты негізгі дискриминация түрлері:

1. Медициналық дискриминация:

- Емдеуден бас тарту немесе көмектің сапасын төмендету;

- Келісімсіз ВИЧ тестілеуді мәжбүрлі жүргізу;

- Диагнозды пациенттің рұқсатысыз жариялау;

- Медицина негіздерінен тыс ауруханаға оқшаулауды жүзеге асыру.

2. Жұмыс орындарындағы дискриминация:

- Жұмысқа қабылдаудан бас тарту немесе ВИЧ статусын ашқаннан кейін жұмыстан босату;

- Карьералық өсу шектеулері;

- Әріптестер мен жұмыс берушінің қысымы.

3. Білім беру саласындағы дискриминация:

- Білім ордаларына қабылдаудан бас тарту;

- Мектептерде ВИЧ бар балаларды оқшаулау;

- Мұғалімдер мен ата-аналардың алдын ала көзқарасы.

4. Әлеуметтік дискриминация:

- Жаманда, өсек айту және мазақ ету;

- Туыстары немесе серіктестерімен қарым-қатынастан бас тарту;

- Қоғамдық қызметтерге қол жеткізуді шектеу.

5. Заңнамалық дискриминация:

- Қасақана жұқтыру үшін қылмыстық жауапкершілікке тарту (олардың ниеті болмаса да);

- Балалы болуға рұқсат бермеу немесе қамқорлыққа алу мен некеге тұру мүмкіндігін шектеу кейбір елдерде.

Қорытынды

Стигма мен дискриминация ВИЧ-пен күресті әлсіретеді. Тек түсіну мен қолдау арқылы ғана әріктеу сезінетін инклюзивті қоғам құруға болады.

Ж.ПЕРНЕБАЕВА,
Шиелі филиалының
менгерушісі

КОНКУРС ӨТКІЗІЛЕДІ !

1. «Қызылорда облысының жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары басқармасы» КММ 2026 жылғы 19 маусымдағы Қызылорда қаласы, Бейбарыс сұлтан көшесі, құрылыс №1, Қызылорда облысы әкімдігі ғимаратының 4 қабат, 429 каб. жолаушылар мен багажды автомобильмен республикаішілік тасымалдау маршруттарына қызмет көрсету құқығына арналған конкурсты өткізу туралы хабарлайды.

2. Конкурсқа мынадай маршруттардың пакеттері (маршруттар) шығарылады:

2.1 Ауданаралық (қалааралық облысшілік) тұрақты автобус маршруттары: Ақарық-Қызылорда, Жанақорған-Шиелі, Теренозек-Қызылорда, Шаған-Қызылорда, Жосалы-Қызылорда, Ш-Интернационал-Қызылорда, Аққым-Қызылорда әлеуметтік мәні бар тұрақты автобус маршруттары: Ортақшыл-Қызылорда, Тұрсынбай Датқа-Қызылорда, Токмағамбет-Қызылорда, Аққыр-Қызылорда, Қаратөре-Әйтеке Би.

2.2 Облысаралық қалааралық тұрақты автобус маршруттары: Әйтеке би-Ақтобе, Төретам-Түркістан, Арал-Әйтеке би-Түркістан, Қызылорда-Тараз, Әйтеке Би-Қызылорда-Атамекен, Жанақорған-Астана.

3. Конкурсқа меншік нысанына қарамастан, меншік құқығында немесе өзге де заңды негіздерде автокөлік құралдары бар кез келген жеке және заңды тұлғалар қатысады.

4. Конкурсқа қатысуға тілек білдірушілер «Қызылорда облысының жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары басқармасы» КММ конкурстық құжаттардың жиянтығын алуға жазбаша өтінімді Қызылорда қаласы, Бейбарыс сұлтан көшесі, құрылыс 1, Қызылорда облыс әкімдігі ғимаратының 4 қабат, 429 каб. бойынша ұсынуы тиіс.

5. Конкурсның құжаттарды алуға өтінімдерді қабылдаудың және Конкурсқа қатысуға өтінімдерді қабылдаудың соңғы мерзімі: 2026 жылғы 09 маусым сағат 18:00 дейін.

6. 2026 жылғы 27 мамыры сағат 10:00 конкурстық Комиссия конкурсты өткізу мәселелері жөніндегі конкурс алдындағы конференция өткізеді.

7. Анықтама алу үшін телефондары: 8 (7242) 60-54-75, 60-54-77.

ВНИМАНИЕ КОНКУРС !

1. КГУ «Управление пассажирского транспорта и автомобильных дорог Кызылординской области» объявляет о проведении конкурса на право обслуживания маршрутоввнутриреспубликанских автомобильных перевозок пассажиров и багажа,который состоится 19июнь2026 года по адресу: г. Кызылорда, ул. Бейбарыс сұлтан, строение 1, здание акимата Кызылординской области, 4 этаж, каб. 429.

2. На конкурс выставляются следующие пакеты маршрутов(маршруты):

2.1Регулярные межрайонные (междугородные внутриобластных) автобусные маршруты:Ақарық-Қызылорда, Жанақорған-Шиелі, Теренозек-Қызылорда, Шаған-Қызылорда, Жосалы-Қызылорда, Ш-Интернационал-Қызылорда, Аққым-Қызылорда регулярные социально-значимые автобусные маршруты Ортақшыл-Қызылорда, Тұрсынбай датқа-Қызылорда, Токмағамбет-Қызылорда, Ботабай-Қызылорда, Аққыр-Қызылорда.

2.2 Регулярные межобластные междугородные автобусные маршруты: Айтеке би-Ақтобе, Төретам-Түркістан, Арал-Айтеке би-Түркістан, Кызылорда-Тараз, Айтеке Би-Кызылорда-Атамекен, Жанақорған-Астана.

3. В конкурсе принимают участие любые физические и юридические лица, независимо от формы собственности, владеющие автотранспортными средствами на праве собственности или иных законных основаниях.

4. Желание принять участие в конкурсе представляют в КГУ «Управление пассажирского транспорта и автомобильных дорог Кызылординской области» письменную заявку на получение пакета конкурсных документов по адресу: г. Кызылорда, ул. Бейбарыс сұлтан, строение 1, здание акимата Кызылординской области, 4 этаж, каб. 429.

5. Окончательный срок приема заявок на получение конкурсных документов и приема заявок на участие в конкурсе: 09июнь 2026 годадо 18-00 часов.

6. 27 май 2026 годав 10-00 часов конкурсная комиссия проводит предконкурсную конференцию по вопросам проведения конкурса.

7. За справками обращаться по телефону: 8 (7242) 60-54-75, 60-54-77.

Серенада-өте сирек кездесетін музыкалық жанр. Ол алғаш рет Европаға 18-ғасырда келді. Серенаның алғашқы Отаны-Австрия. Небары 31 жыл ғана ғұмыр кешкен Франц Шуберттің «Вечерная серенада», «Аве Мария», «Гордость и предубеждение» атты кең тынысты, терең толғаныспен сезім сырларын өрнектейтін әсем әуендері саз әлеміндегі құдіретті құбылыс деп бағаланған. Қазақта Шәмшіге дейін де, Шәмшіден кейін де ешкім серенада жазған жоқ. Шәмшінің ерекшелігі-музыка мамандары ойлағаннан да артық жаңа әуен туғызуы. Ол, әрине «Цыган серенадасы». Шәмшінің бұл шығармасы өмірге қалай келді? Композитордың цыган қызы Изольданы құлай сүйгені рас па?

Расында, Шәмші шығарған «Цыган серенадасы» тіптен өзгеше. Қазақ сазына ұқсамайды, бірде құйылып, бірде асқақтап жүрек тербейтін керемет ән... Арада қаншама жылдар өтсе де «Цыган серенадасы» төңірегінде карама-қайшы пікірлер бар. Біреулері-әндері мен билері үйлесім табатын,

жан-жағын той-думанға бөлеп жүретін, әлеуетті өнерді еркіндігімен астастырған цығандар музыкасына Шәмшінің ынта қойып, қызқанынан туған дүние деген уағз айтады. Енді бірі Изольдаға ғашық болған, содан өмірге келген ән дегенді айтады. Не десек те, ән махаббатты жырлаған керемет туынды екені даусыз. Серенаның мәтінін халқымыздың аса талантты ақыны Қалдыр Мырза-Әлі жазған. Сөзі де белек, тегеурінді. Екі шумағын қайырмасымен оқып көрейікіші:

Тулаған қаны бар
Тулар да табылар үміт болса
Күн туса басына
Мойыма, жасыма жігіт болсаң!
Толқысын шартарап
Тасышы, тебіренші
Ей, гитара жансерігім
Тегілісін күй тарап
Жаның тарықпасын
Қайран басың
Ғаріп басың
Көзіңді жұмбай қамықпасын.
Қайнаған қаны бар
Қалыңдық табылар үміт болса
Шаттықты уыстан
Шығарма туысқа, жігіт болсаң!
Консерваториядан шығып қалып,

басына ауыр күн туған қиын сәтте цыган тобырымен біршама күндер бірге болғандағы цыган қызының Шәмшіге арнаған қайрау сөзін Қалдыр ақын жоғарыдағына киноластырады. Қызығатынымыз-сөз бен саз бір-бірімен үндесіп жатыр. Бұл өлең шумақтарын ешкім жатырқамайды. Шынтауында әркімнің өз ойы, өз арманы ретінде қабылдайтын шумақтар. Өркениеттің қылбұрауына ерте ілігіп, табиғи тірліктен алыстап кеткен, еркіндігі мен бостандығын қимай ұшарын жел, қонарын сай білген цығандарға да келетін ән мен шумақтар...

«Үйде байыз тауып отыра алмаймын. Ел кезіп кетемін. Біресе Жамбылға, біресе Шымкентке, бірде Фрунзеде табыламын. Ат басын тіреп баратын адамдарым бар. Олар кім деп сұрамай-ақ қой... Маған цығандардың еркін өмірі ұнайды. Жастау кезімде солардың тобырына еніп, біраз жүргенім бар. Сол қимас күндер есіме түсіп, «Цыган серенадасы» деген ән шығардым.» Бұл композитордың жазушы Оразбек Бодықовқа айтқан жан сыры. Оразбек Бодықовтың 1992 жылы «Дәуір» баспасынан басылып шыққан «Шәмші Қалдаяқов: хикаяттар» кітабына берілген аннотацияға мән берейік: «Аяулы ана, мөлдір махаббат, шынайы бақыт туралы тамаша әндер шығарып, өзі елесуіс де, аянышты тірік кешкен-қайран Шәмші! Бірақ, біздер ән сүйер қауым оның өмірі дәл осылай бақытсызды болып өткенін білдік пе? Білмедік. Қолыңыздағы кітап композитор Шәмшінің көзі жұмылғанға дейінгі үш жылында қасынан қалмай, қуанышы мен күйінішіне куә болған, қажет кезінде сүйеніші бола білген нағыз жанашыр да айнымас досы-жазушы Оразбек Бодықовқа мыңдаған оқырмандары атынан рахмет айтпаймыз.» Бұл пікірдің аржағында біраз тарих жатқанын көзі қарақты оқырман аңғарған болар...

Жә, тақырыптан қашықтанқырап кеттік білем, «Цыган серенадасына» оралайық: Ұмытпаса, 1972 жыл болатын. Мектепте ән және музыкадан сабақ беремін. Бірде нотасымен қоса жазылған Шәмші Қалдаяқовтың «Менің Қазақстаным» атты қалың, көлемді кітабы қолыма түсті. Қуана кетіп, кітапты парактадым. Ішінде өзім білетін, сонау алпысыншы жылдары талай қосыла шырқаған әндерім бар екен. Бір бетін ашқаныма «Цыган серенадасы» дегенге көзім түсті. Нотасын баянға салып, асықпай тартып көре бастадым. Ырғағы, әуені, өлшемі кәдімгі әннен бөлек. Мұнысы қалай? Балаларға үйретуге келмейді екен деп ойладым да, келесі паракқа көшіп кеттім... Арада 2-3



ЦЫҒАН СЕРЕНАДАСЫ

жыл өткенде теледидардан көрсетілген бір концертте Алтынбек Қоразбаевтың «Цыган серенадасын» домбыраға қосып орындап жатқаны үстінен түстім. Көрермендер залында Шәмшінің өзі де отыр. Осыдан соң, ән көп жылдар бойы естілмей жоғалып кетті...

Арада 30 жылдан аса уақыт өткенде «Цыган серенадасын» Токтар Серіков сахнаға шығарады. Бұл қалай болды, кейінірек тоқталамын. Әуелі, «Шәмшіге арнап «ӘН АҒА» атты керемет ән жазған әуесқой композитор Қалдыбек Құрманалиевтің сөзін берейік:

«Шәкең екеуіміз сұхбат құрып, емен-жарқын сөйлесіп отырған сәттердің бірінде әңгіме төркіні «Цыган серенадасына» тірелді:

«Көресің,-деді Шәкең, бұл ән өз орындаушысын табады, халық аузынан түспейтін танымал ән болады. Шәкең, сізде мақтандай екенсіз, шырқағына қаншама жылдар өтсе де көпшілікке тарамаған, елдің аузына ілікпеген ән енді қашан...?»

«Асықпа, айтқаным келеді,-деп композитор әңгіме төркінін басқа жаққа бұрды.

Айтқаны келді ғой, бірақ өзі тыңдай алмай кетті... Осындайда Асанәлі Әшімов айтқан мына бір төрт қатар сөз тіркестері ойға оралады:

«О, тәжәппар дүние!
Маған да бір қарашы?
Танимысың сен мені
Мен қазақтың баласы.

Әндері қалың елді дүрліктеріп, тыңдағанын тәңті еткенімнен ҰЛЫ ТҰЛҒА Шәмші Қалдаяқовты тәжәппар дүние кейінірек ғана таныды десек артық айтқандық емес шығар?! Композитордың өз аузынан алып, ақын-драматург, әуесқой сазгер Исраиль Самарбайдың «Цыган серенадасы» атты драмалық шығарма жазғанын білеміз.

Осыдан біраз жылдар бұрын Мұхтар Әуезов атындағы Академиялық театрдың Қызылордаға келіп, осы спектакльді қойғаны бар. Көпнен бірге біз де тамсана тамашалағанбыз. Сәтті шыққан қойылым ұмытылмастай әсер қалдырған еді... Махаббат-құдірет! Ол ұлт тандамайды, тек жүректің өміріне ғана бағынады. Әлімсақтан солай. «Махаббатпен өткен күндер-нағыз күндер...»,- дегендей цыган қызы Изольдамен жолығысуы, Шәмшінің жабырқаған жанына шуақ құйып, екінші тынысын ашқандай... Мұндайда ұлы адамдарға да ден қойған ләзім. Мысалы, 1799-1850 жылдары өмір сүрген француз жазушысы ОНОРЕ

де БАЛЬЗАКТЫҢ: «Махаббат деген қажеттілікке сезімнің ұласуы»,-деген сөзін ойға алсақ, Шәмшіні де түсінуге болады.

Нар тәуекелге барып, цығандар тобырына келген дарынды тұлға оларды қазақ енімен бас иідреді. Естайдың «Қоршаны» айтқанда сөздерін түсінбесе де, сазы арқылы мазмұнын ұғынып, цығандар қошеметтеп қол соғады:

Бір қыз бар Маралдыда Қорлығайын Табиғат берген екен, күн мен айын Мұратқа іздеген жан бәрі жеткен Дарига арманын көп неқылайын,- деп Шәмшінің әуелетіп салған әні цыган қызының жүрек түкпірін орын алса, кімді кінәлайамыз? Спектакль Қызылордада екі рет қойылды. Алғашқы күнгі қойылымда Шәмші бейнесін белгілі актер Бекжан Тұр ұсынды, келесі күнгі қойылымда жас актер Ерлан Біләл ойнаған еді. Көрермен қауым қазақ жігіті Шәмші мен цыган қызы Изольда арасындағы қимас сәттердің куәсі болған. Бір кездері дүниеден баз кешіп, цыган тобырынан сая тапқан Шәмші мен жаратушыны ғана мойындайтын еркін тобырдың сұлу қызы Изольда көрушілерді шынайы сезім жетегіне ертіп әкеткен... Мұндайда ойды-ой қуып, қоз алдына өткен күндерің елес береді. Сонау алпысыншы жылдар. Қазақ даласының түкпір-түкпірі Шәмші әндерімен толқып тұратын еді-ау! Сұлу сырдың жағасындағы жасыл желегі жайқалған ауыл.

Біріміз: Жайрандап жазда ағатын еді Есімде қайран сыр сұлу Танерген сонда баратын еді Тоқыңға құмар бір сұлу,-десек, Екіншіміз: Тауда тұр жырақта қол бұлғап аңсаған Сен жоқсың бірақ та, қайдасың қалсаң?-деп шарқ ұрдық, Үшіншіміз: Өзгеден де ең сұлу, өмірлік дос тең сұлу Өзім сүйіп ұнатқан бәрінен де сен сұлу,- деп жаһанға жар салатынбыз. Сондағы бозбала-бүгінде ата, балауса қыз-бүгінде әже. Дегеніне көндіріп, зымырап өткен жылдар-ай десенші?! Не десек те жүректенді жаулаған Шәмші әндері жастықтың жалауындау желбірегені шындық.

Изольдамен кете алмай, не оны алып қала алмай жасыған Шәмшіні тығырықтан қыздың өзі шығарады: «Қайнаған қаны бар Қалыңдықта табылар үміт болса... Жасыма жігіт болсаң»,- деп жігер

береді.

Символикалық сәт! Біраздан бері көз жазып қалған күй сандықпен Шәмші қайта қауышты. Жан дүниесі күмбірлеп кетті. Жаңа ән туды. Ән болғанда қандай! Жақсы қойылым-жан сарайыңды ашады, көңіл күйіңді көтереді. Театр деген-өмір ғой!

Енді осы әннің бағын ашып, өзі де қазақ жұртына осы әнімен белгілі болған Токтар Серіковке келейік. Өнер әлеміне енді қадам басқан, әлі студент Токтар репертуар тандап жүріп, ықыласы «Сыған серенадасына» ауады. Әннің оранжировкасын жасатып, біраз дайындықтан өткесін сахнаға шығу ойына келеді. Не істеу керек? Сол күндердің бірінде Алматыға көшіп келген әнші-композитор Ұлықпан Жолдасовпен танысады:

«Бір әнді айтқым келіп жүр,-дейлі Токтар.

«Ол қандай ән?»

«Сыған серенадасы.

Осы әнді Рамазан Стамғазиевтің домбырамен айтқанын тыңдап, «мынау бір жақсы ән екен» деп өзі талаптынып жатқан Ұлықпан кідіріп қалады.

Өйткені, бәрін дайындап қойып, тек басын қалай бастау керек, -(мұны музыкада «вступлению» дейді) екеніне ойлануы жүрген.

«Осы әнді маған қиыңыз, менің өнердегі «төлқұжатым» болсыншы,-деп өтінеді Токтар.

Жас жігіттің көңілін қимаған Ұлықпан келіседі. Дайындайды. Ол жылдары «Тамаша» ойын-сауық хабары эфирге тікелей шығады екен. Ұлықпан ағасы Токтарды ертіп «Тамашаға» апарды. Бұл 1999 жыл еді. Сәті түсіп, Токтар Серіковтің эстрада жанрына салып айтқан «Сыған серенадасы» биікке самғады. Әннің бағы ашылып, Токтардың атағын шығарды, халықтың ықыласын тудырды... Бұл жайлы Токтардың өзі: «Цыган серенадасы» қазақ радиосынан жиі беріліп, базарда да, қай жерге барсам да алдымнан шығатын болды. Осы әнге бола концерттерге, осы әнге бола жиын-тойларға шақыратын... Жұрт әнді құмарта тыңдады. Зор қошеметке бөлендім», -дейді. Осындайда өзі айтамын деп дайындаған әнін Токтарға қиған Ұлықпан Жолдасовтың азаматтығына тәнті болармын. Мұны өнер адамдарының арасында кездесісөк кездесетін өзара сыйластық пен мәрттік деп бағалауға әбден болады.

Мақала соңында қанша жазсақ та, қанша дәріптегес те артықтық етпейтін біртуар тұлға, «валестің қаролі» атанып, күллі қазаққа ән салдырған Шәмші Қалдаяқовтың қысқаша өмір дерегін жаза кетуді артық көрмедік: Ол 1930 жылы 15 тамызда Отырар, қазіргі Шәуілдірде дүниеге келген. Азан шақырып қойған-есімі Жәмшид, кейін Шәмші атанып кеткен. Әкесі Қалдыбай оң қолынан өнері тамған ұста оның үстіне домбыра, қобыз, гармонь тартқан. Анасы Сақыпжамал керемет әнші болған. Шәмші мектеп бітіргесін Қапалбектегі зоотехникалық-малдәрігерлік техникумға түсіп, оны тәмамдайды. Жолдамамен барып, Ақтөбе облысында зоотехник болып еңбек еткен. Сегіз айдан соң әскер қатарына шақырылады. Әскери борышын өтеп қайтқасын Ташкенттегі музыкалық училищенге түседі. Осында оқып жүрген Шәмшіні атақты әнші Жамал Омарова кездестіреді. 1956 жылы Алматыға алып қайтып, Шәмшіні Құрманғазы атындағы Мемлекеттік консерваторияның композиторлық бөліміне түсіреді... Естіген жұртты елен еткізіп, халық жүрегінен орын тепкен «Қайықта», «Ақмаңдайлым», «Ақсұңқарым», «Менің Қазақстаным» тағы да басқа көптеген әндерімен тыңдарманның құлақ құрышын қандырады. «Қазақстан комсомолы сыйлығы» иеленеді. Дінмұхаммед Ахметұлы Қонаев қабылдап, Алматы қаласының орталығынан үш бөлмелі үй бергізіп, ән кітабын бастыртады... Жоғарыда тоқталып кеткендей Шәмші өмірі тақтайдай тегіс болған жоқ. Өлдебір себептермен консерваториядан шығып қалуы, тұрмыстағы қиыншылықтар аз болмады... Өзінің саналы ғұмырында Шәмші 300 ге тарта ән жазыпты. 1965 жылы Қалдаяқов «Республика жастары сыйлығының лауреаты» атанды. 1991 жылы «Қазақстанның халық әртісі» атағын алды. Шымкенттегі филармонияға, туған жері Шәуілдірдегі балалар музыка мектебіне, Астана, Алматы қалаларындағы көшелерге ұлы композитордың есімі берілген.

Жер бетінде қазақ деген халық барда, әсем әндерімен артына мәңгілік мұра қалдырған Шәмші ұмытылмайды, жасай береді.

Темірбек ЕСЖАНОВ,
ҚР білім беру ісінің құрметті
қызметкері, Қазақстан
Журналистер Одағының мүшесі

30-ДАН АСТАМ КҮРДЕЛІ ОТА ЖАСАЛДЫ

Әлеуметтік медициналық сақтандыру қорының Қызылорда облысы бойынша филиалының мәліметінше, 2026 жылдың алғашқы төрт айында өңірде 34 жағдайда жасалған жоғары технологиялық медициналық оталарға 282,4 млн теңге бағытталды.

Бүгінде медицина саласында заманауи жоғары технологиялардың көмегімен жасалатын күрделі оталар мен медициналық манипуляциялардың маңызы артып келеді. Міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесі аясында ай сайын кардиохирургия, нейрохирургия, урология, травматология, онкология және жалпы хирургия және басқа да бағыттар бойынша оңдаған жоғары технологиялық оталар жасалуда. Осындай бір отаның орташа құны 8,3 млн теңгені құрайды.

Филиал директоры Жақсылық Абдусаметовтың айтуынша, өңірде жоғары технологиялық медициналық көмектің қолжетімділігі артып, көрсетілетін қызмет сапасы жақсарып келеді.

«Бүгінде өңірде жүрек пен қан тамырларындағы, жүйке жүйесіндегі, есту және көру қабілеттеріне қаптысты ауруларды емдеуге, сондай-ақ нәрестелердің туа біткен ақауларын түзетуге арналған заманауи оталарды жасау мүмкіндігі бар», - делі филиал басшысы.

2026 жылдың қаңтар-сәуір айларында:

- 26 кардиохирургиялық оталар жасалып, оған 226,4 млн теңге төленді;
- 7 нейрохирургиялық оталар орындалып, жалпы құны 48,9 млн теңгені құрады;

Аталған медициналық қызметтердің барлығы МӘМС жүйесі аясында қаржыландырылады. Нәтижесінде сақтандырылған азаматтар үшін қымбат әрі күрделі оталар тегін әрі қолжетімді болып отыр. Жоғары технологиялық медициналық көмек күндізгі және түлік бойғы стационар жағдайында көрсетіледі. Бұл пациенттерге заманауи емдеу тәсілдерін қолдануға мүмкіндік беріп, ауыр диагноздар кезінде өмір сапасын жақсартуға және узартуға жағдай жасайды. Еске сала кетсек, 2025 жылы МӘМС жүйесі аясында Қызылорда облысында жоғары технологиялық медициналық қызметтерге 1,1 млрд теңгеден астам қаржы бағытталған.

Жоғары технологиялық медициналық көмектің дамуы - өңірлік денсаулық сақтау жүйесіндегі маңызды бағыттардың бірі. МӘМС арқылы көрсетілетін қызметтер азаматтардың өмірін сақтап қалуға және сапалы медициналық көмекке тең қолжетімділікті қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.



Меншік иесі:
«Сан-Ай» пресс ЖШС

Директор-Бас редактор
Егиншибаева Анар
Жақсыбекқызы

Ақылдастар алқасы:
Әбілбай Садықбаев
Рысбай Кәрімов

Жауапты хатшы
Зибаш ӘЛИ
8 705 982 76 61

Газет «Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігінің Ақпарат комитеті» республикалық мемлекеттік мекемесінде қайта тіркеліп, 2025 жылдың 30 маусым айында еселке алу туралы номері КЗ 53VPY00123138 куәлігі берілген.

Республикалық «Ел тілегі» тәуелсіз ақпараттық, танымдық, қоғамдық-саяси газеті ҚР СТ ИСО 9001-2016 «Сапа менеджменті жүйесі» талаптарына сәйкес сертификацияланған.

Алғашқы еселке қою кезіндегі нөмірі мен мерзімі №8729 – ғ, 19.10.2007 ж

Редакцияның
мекен-жайы:

Тоқмағанбетов

көшесі 36 а,

1 қабат 4 кабинет

Телефон:

8 777 752 54 63

Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттелді. «PRINT» баспаханасында басылды. Қызылорда қаласы, Байтұрсыннов көшесі, 49 үй. Телефон: 27-61-62

Газеттің басылу сапасына жауапты «PRINT» баспаханасы.

Газет әр аптаның сәрсенбі күні жарық көреді

Газетті тасымалдауға «Сан-Ай» пресс ЖШС Тел: 27-85-75 және «Қазпошта» АҚ Қызылорда облыстық филиалы жауапты

Тел: 23-54-91

Қолжазба еңделеді және авторға қайтарылмайды

Жарияланымдар газеттің түпкілікті көзқарасын білдірмейді

Газет бетінде жарияланымдардың позициясы мен фактілері үшін редакция жауап бермейді

Таралымы 8536 дана

Индекс 66503

Тапсырыс №112

E-mail: gazeta_eltilegi@mail.ru

Электронды нұсқасы: https://ret-gazeta.kz/